



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

№34 (1858)
15 қазан
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агентігі (IAAR) өткізген IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR) 2022 университеттерінің халықаралық рейтингі нәтижелері бойынша Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Белоруссия, Украина, Әзірбайжан және Молдова университеттері арасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші және ең үздік университет болып танылды.

ҚазҰУ - халықаралық рейтингте көшбасшы



Көшбасшылар үштігіне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Қаржы университеті және Ош мемлекеттік университеті кірді.

Халықаралық рейтингтің жоғары бағасына ие болған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің жоғары бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне сәтті интеграциялануын тағы бір рет көрсетті.

АҚШ Жер институты жобалары таныстырылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ЖОО басшылығының Колумбия университеті жанындағы Жер институтының директоры Янис Бен Амормен кездесуі өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев әлемнің жетекші университеттері және ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыстың маңызына тоқталды.

Кездесу барысында ҚазҰУ-дың Америка Кеңесімен 2014 жылдан бері келе жатқан ұзақ мерзім-

ді ынтымақтастығы атап өтілді.

Онымен келісім аясында университет жыл сайын америкалық студенттерді бір жылдық және жазғы тіл тағылымдамасына қабылдайды. Осы уақыт аралығында «Флагман», «Орыс тілі» және «Халықаралық дипломатия» оқу бағдарламалары бойынша 340 аме-

рикалық студент ҚазҰУ-да білім алды.

Ал 2011 жылдан бастап Колумбия университетінің Жер институты және әлемнің 24 жетекші университетінің біріктіретін ҚазҰУ-MDP/Global Classroom бірлескен бағдарламасы іске асырылуда.

Өз кезегінде Янис Бен Амор ҚазҰУ басшылығына қонақжайлылығы үшін алғыс білдіріп, Жер институты қолға алған жаңа жобалармен таныстырды.

Гүл БАЯНДИНА



Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ:
ҚазҰУ үздік жүздіктің қатарына кіретініне сенемін

3-бет



Укрепляются связи университетом Великобритании

4-бет



Нұрдаулет ЖҰМАҒАЛИ:
Мақсатым - үлкен белестерді бағындыру

5-бет

Ректор Катар университеті президентімен кездесті



Астана қаласында өткен Қазақстан-Катар инвестициялық форумы аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Катар университеті меморандумға қол қойды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың Катар университетінің президенті Хасан Рашид Әл-Дерхаммен кездесуі нәтижесінде екі университет арасында өзара түсіністік туралы келісімге қол жеткізілді.

Университет басшысы өз сөзінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық



университеті катарлық жоғары оқу орындарымен араб тілі мен мәдениеті, исламтану саласында маман даярлау, академиялық ықпалдастық және мұнай химиясы, наноматериалдар мен нанотехнологиялар, жаңартылатын энергия және киберқауіпсіздік бойынша тәжірибе алмасып келе жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар «Қазақ

станның жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту тәжірибесін белсенді дамыта отырып, біз Катардан келген беделді ғалымдарды дәріс оқуға және PhD докто-

ранттарына ғылыми жетекшілік етуге шақырдық», – деді ректор.

Катар университетінің президенті, доктор Хасан Рашид Әл-Дерхам өз кезегінде меморандумға қол қою маңызды қадам екенін айтып, өзара ынтымақтастық ауқымы кеңейе түсетінін атап өтті.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Times Higher Education (THE) WUR 2023 әлемдік университеттер рейтингінде 1001-1200 орынға ие болды. Әлемдік университеттер рейтингіне Қазақстанның үш университеті енді.

Фараби университеті әлемдік рейтингке енді



Рейтингте бірінші орында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, одан кейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (1201-1500) және Қ.Сәтбаев университеті (1501+) тұр.

Times Higher Education World University Rankings 2023 әлемдік университеттер рейтингі 104 ел мен аймақтан 1799 университеттің қызметін сараптады. Бұл рейтинг зерттеу университеттерінің барлық негізгі миссияларын: оқыту, зерттеу, білім беру және халықаралық көзқарас бойынша көрсеткішін беретін жалғыз жаһандық нәтижелік кесте болып табылады.

Қазан университетімен келісім жасалды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазан федералды (Еділ) университетінің делегациясымен кездесті.



Білім ордасының басшысы қонақтарға ҚазҰУ-ға арнайы сапармен келгені үшін алғысын білдіріп, QS рейтингінде 150-орын алып отырған Қазақстанның жетекші көпсалалы жоғары оқу орнының қызметі туралы хабардар етті.

ҚазҰУ Ресейдің жетекші университеттерімен ынтымақтастық туралы 190-нан астам екіжақты келісімге қол қойған. Бүгінде университет қабырғасында Ресейден келген 54 студент білім алады. Оның 18-і грантпен, 36-сы келісімшарт негізінде оқып жатыр.

«2014 жылдан бастап біздің университеттер арасында әріптестік келісім жасалған, биыл ҚазҰУ медицина және денсаулық факультетінің бір докторанты Қазан мемлекеттік медицина университетінде ғылыми тағлымдамадан өтті», – деді ҚазҰУ университетінің басшысы.

Кездесу барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ РФ жетекші университеттерімен инженерлік ғылымдар мен технологиялар, медицина, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салаларындағы мамандарды бірлесіп даярлауға әзір екендігін атап өтті.

Өз кезегінде Қазан (Еділ маңы) федералды университетінің білім беру қызметі жөніндегі про-

ректоры, Н.И.Лобачевский атындағы Математика және механика институтының директоры Екатерина Турилова ҚазҰУ басшылығына уақыт бөліп жылы қарсы алғаны үшін алғыс білдіріп, ҚФУ университетінің мақсаттары мен міндеттері және қызметі туралы баяндап берді. Келіссөздер барысында тараптар пікір алмасып, өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Қорытындылай келе, тараптар академиялық ұтқырлық бағдарламасын жандандыру, сондай-ақ PhD докторанттарға дәріс оқу және ғылыми жетекшілік ету үшін жетекші ғалымдармен алмасуға келісті.

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында жарты ғасыр бұрын ҚазҰУ қалашығының құрылысын басқарған көрнекті сәулетші және құрылысшы Тарас Төлегеновке арналған мемориалдық барельефтің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Қалашықта қолтаңбасы бар тұлға



Салтанатты шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашты.

«Биыл қалашықтың құрылғанына және құрылысының басталғанына 50 жыл толды. Университет ректоры болған академик Өмірбек Жолдасбеков тұсында ҚазҰУ қалашығының бой көтеруіне Тарас Сәтмағамбетұлының қосқан үлесі зор», – деп атап өтті университет басшысы. «Кампус қазіргі таңда заман талабына сай өзгеруде. Біз оқуғимараттары мен жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Жақында Үкімет қаулысымен

ҚазҰУ-ға зерттеу университеті мәртебесі берілді. Қазіргі кезде ҚазҰУ қалашығын жаңғыртудың екінші кезеңінің жоспарлап отырмыз. Алдағы уақытта қалашықтың заманауи инфрақұрылымын жан-жақты дамыту жөніндегі жұмысты жүйелі жалғастыратын боламыз», – деді ЖОО басшысы.

Шараға университеттің Ардагерлер кеңесінің төрағасы, академик Зұлхайыр Мансұров қатысып, естеліктерімен бөлісті. Үздік студенттерге Тарас Төлегенов атындағы арнайы шәкіртақы тағайындалды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Құқықтық саланың реформаторы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Біз конституциялық кеңістікте өмір сүріп жатырмыз: академик Сұлтан Сартаевтың саяси-құқықтық көзқарастары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Алқалы жиын Қазақстанның конституциялық дамуына, президенттік басқару нысанының қалыптасуына, парламентаризмнің дамуына, адам құқықтарын қорғауға және елдің егемендігін нығайтуға өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, заңгер, академик Сұлтан Сартаевтың өмір жолына, ғылыми мұрасына және мемлекеттік қызметіне арналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев конференцияны ашып, академиктің егемен мемлекеттің қалыптасуындағы рөлін атап өтті.

«Академик Сұлтан Сартаев – еліміздегі алғашқы құқықтық реформаларды жүзеге асыруға айрықша үлес қосқан ғалым. Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы

декларацияның, ҚР азаматтығы туралы, ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы, Тіл туралы заңдарды, Ата заңымызды жасауға және қабылдауға тікелей қатысқан қайраткер тұлға», – деді ЖОО басшысы.

Жиында сөз алған академик Зұлхайыр Мансұров Сұлтан Сартайұлының бар ғұмыры Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен байланысты екенін тілге тиек етті. Ол көптеген ғалымдарды: 10 заң ғылымының докторы, 50-ден астам заң ғылымының кандидатын тәрбиеледі. 600-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Академик Сартаевтың ғылыми еңбектері терең теория және құқықтық тәжірибенің үйлесуімен ерекше сипатталатынын жеткізді.

Заң ғылымының докторы, профессор Игорь Рогов қайрат-

кер тұлғаның мемлекеттік-құқықтық қызметіне тоқталды. ҚР Парламентінің депутаты бола тұра, ол бүкіл халықтың мүддесі мен мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құруға байланысты өмірлік маңызды мәселелерді көтергеніне назар аударды.

Сондай-ақ халықаралық басқосуда мемлекет және қоғам қайраткерлері, халықаралық және отандық сарапшылар, ғалымдар сөз алып, ғалымның халқына сіңірген ерен еңбегі жайлы ой толғап, пікір білдірді. Академик Сұлтан Сартаев егемен мемлекеттің қалыптасу тарихында, қоғамдық қызметте, халықаралық қатынастарда, заң білімі мен ғылымында, Қазақстанның құқықтық және этикалық санасында ерекше орын алатынын зерделеді.

Академиктің туғанына 95 жыл толуына орай өткен шараны ҚазҰУ-дың заң факультеті Мемлекет және құқық тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық теориясы; Қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедралары ұйымдастырды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев көрнекті тілші-ғалым, ҚР ҰҒА академигі Зейнеп Базарбаеваның 70 жылдығына арналған «XXI ғасыр: тілтанымдық ойдың даму үдерісі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ашылуына қатысты.

Тіл білімінің терең зерттеушісі



Алқалы жиында ЖОО басшысы сөз сөйлеп, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың дамуына сүбелі үлес қосқан профессор Зейнеп Мүсілімқызын мерейлі жасымен құттықтады.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкерден бастап, академиялық мәртебеге қол жеткізуіңіз тынымсыз ізденіс пен қажырлы еңбегіңіздің нәтижесі. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың дамуына елеулі үлес қосып, «Филология» және «Шетел филологиясы» мамандықтары бойынша PhD диссертациялық ғылыми кеңестің мүшесі болып келесіз. Сіздің лингвистика саласындағы мазмұны терең еңбектеріңіз ғылыми ортада мойындалып, жоғары ба-

ғаланды. Жастардың қамқоршысы болып, білімді шәкірттер тәрбиелеп, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырдыңыз», – деген жылы лебізін білдірді. Жансейіт Түймебаев өз сөзінде ғалымның қажырлы еңбегінің жас ұрпаққа үлгі-өнеге екенін атап өтті.

Сондай-ақ ғылыми шараға қатысушы ғалымдар түркітілдес халықтардың тілі мен әдебиетін зерттеген тұлғаның адамгершілік қасиеті мен жетістіктері, мол тәжірибесі жайлы айтып, мерейтой иесіне ізгі тілектерін жеткізді. Қатысушылар баяндамаларында тіл білімінің өзекті мәселелері кеңінен қозғалды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



«қай кафедраға барасыз, таңдаңыз» дегенде, мен өзі әдемі, өзі жас Айсәғалиев Серікбай Әбдіғалиұлының кафедрасын таңдадым. Ол кісі, міне, араларыңызда отыр. Ұстазыма үнемі алғыс айтып жүремін. Айтпақшы, ЭВМ-ді материалдық қамтамасыз ету деген кафедраның М.Тайслен деген

бастайтын жол» деген қанатты сөз бар, сондықтан университетке әрқашан ризашылығымды білдіремін. Мұнда оқу, қызмет ету әрқайсыңызға Алланың берген сыйы деп түсінемін. Шынымды айтайын, мен ректор боламын деп ойлағаным жоқ, тіпті доцент болу деген ой да басымда

Әлемдік рейтингте, яғни QS-те топ-100 университеттің ішіне кіретін оқу ордасы болуға шамаларыңыз жетеді және мен соған сенемін. Қазақта «Бесігінді түзе» деген ұғым бар. Демек, білім беретін мектепті жаппай жетілдірмей, жоғары оқу орындарының жағдайы дұрыс болмайды.

Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

ҚазҰУ үздік жүздіктің қатарына кіретініне сенемін

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім алушылары мен оқытушы-профессорлық құрам өкілдеріне көшбасшылық дәріс оқуға Астанадан ат арылып арнайы келді. Көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткерін қошеметпен қарсы алған білім ошағының ректоры Жансейіт Түймебаев: «Бақытжан Тұрсынұлы университетіміздің танымал түлегі. Өмір жолында өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырған зерделі ғалым. ҚазҰУ-дың бұрынғы ректоры, экс-білім және ғылым министрі т.б. лауазымдық қызметтер атқарды. Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтуға зор еңбек сіңірді. Қазір халық қалаулысы ретінде жоғары білім беру саласындағы өзекті мәселелердің шешімін табуға атсалысып жүр. Бізді үнемі қолдайды, жол түскенде осылай университетке келіп тұрады», – деді.

жетекшісі болды. Сол тұста кафедралар бір-бірімен жарысып, араларында адал бәсеке болушы еді. Құлжабай Қасымовты ерекше жақсы көріп, сыйладым. Мәруан Сағитов деген деканымыз қандай білімдар адам еді. Бәрін айтып енді тауыса алмаймын.

Ол кезде жастау кезіміз, факультеттің ғылыми кеңесіне қатысамыз. Сонда екі профессор – Василий Антонович Сапа мен Дмитрий Иванович Молюков білім жөнінде бір-бірімен айтысып-тартысып жатады, «ай, мынадан кейін бет көріспейтін шығар» деп ойлаймыз. Жоқ, жиыннан кейін екеуі құшақтасып, дәлізде әңгімелесіп кетіп бара жатады. Біздің кезіміздегі профессорлар сондайтын, әділін айтатын, шындық үшін шырылдап жүретін. Мамандықтарына берілген, аса еңбекқор еді. Қазір біз «әр студент өзінің тракториясын таңдауы керек», «кредиттік технологиямен оқығаны абзал» дегенді жиі айтамыз. Меніңше, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары біз осы оқу ордасында жұмыс істей бастағанда соның бәрі болды. Мүмкін, аты басқа болған шығар, бірақ заты сол еді.

Қазір заман өзгерді, сонымен бірге студенттердің де жағдайы өзгерді. Осы күні «жастарға жатақхана жетіспейді» деген мәселе қоғамда үздіксіз көтеріледі. Ал мен оқуға түскенде жатақхананы екі жыл күттім, үшінші жылы ғана қолым жетті. Мүмкін, біз білім алған кезеңде тұрмыс қиын болған шығар, жағдайымыз аса жақсы болмаған шығар, алайда біздің ұстаздарымыз еңбекқорлыққа үйретті, жалықпай жұмыс істесеңдер «адам боласыңдар», «мықты маман боласыңдар» деп баулыды.

Соңғы 30 жылда елімізде үлкен өзгерістер орын алды. Жастарға айтарым, біздің ең үлкен құндылығымыз – тәуелсіздігіміз. Демек, тәуелсіздік әр қазақстандықтың ерекше сыйлайтын құндылығы болуға тиіс. Біздің жоғары оқу орындары мықты маман дайындап, әлемдегі өркениетті елдермен бәсекеге түсетіндей амал жасамаса, жасыратыны жоқ, қазір дағдарысқа түскен кейбір мемлекеттердің шаңын жұтатын боламыз. Сондықтан білім саласына көзқарас айрықша болғаны жөн. Мен өзім түлеп ұшқан университетіме ерекше мән беремін. Елу жыл бойы оқу ордасына қолымнан келген көмекті көрсетіп келемін. Бірақ мен мұны көмек деп санамаймын. Бұл – менің парызым, борышым. Қара шаңырақ ҚазҰУ өмірге соны соқпақ салды, жолымды ашты. Қытайлықтарда «Бірінші қадам – мыңжылдыққа

Қазақ ұлттық университеті өзге оқу орындарына үлгі болуы керек. Университетті дамыту жоба-жоспарымен таныстым. Сіздерді өте үлкен жұмыстар күтіп тұр екен. Әлемдік рейтингте, яғни QS-те топ-100 университеттің ішіне кіретін оқу ордасы болуға шамаларыңыз жетеді және мен соған сенемін.

қылтимады. «Мұғалім болсақ» деген арманмен жүретінбіз. Расымен, мені осы ұжым өсірді, осындағы ұстаздарым көтерді. Сондықтан университет барда қазір тер төгіп жүрген ұстаздардың есімі, еңбегі ұмытылмайды.

Қазір осы залда Өмірбек Арсланұлының рухы тұрғандай күйді сеземін. Қалашықтың ауасы мен аурасы ерекше. Мен бүгін университетке Әл-Фараби даңғылы жағынан жаяу келейін деп едім, Жансейіт Қансейітұлы «сіздің жаяу жүргеніңіз жараспас» деді. Содан кітапханадан бері аралап келдік. Екі сағат бойы араладық. Қандай керемет қалашық, қарасаң көз тоймайды. Ректор болғаным сол еді, ұшжылдық бағдарламаным бекіттім. Екі жарым жыл ғана жұмыс істедім, одан кейін Елбасы Білім және ғылым министрі лауазымына шақырды. Айтайын дегенім, ректор болып тұрғанымда таң аптай оянатынмын. Тезірек таң атса екен деп тілейтінмін. Сондағым – ұжыммен кездескенше асығатын едім. Бұл енді айтып тауыса алмайтын ерекше жылдар еді, көп жыл істеу бұйырмады, небәрі екі жарым жыл...

Қалай сенатор болдым, солай университеттерге академиялық бостандық пен басқару билігін беру керек деген мәселе көтеріп, заң қабылдауға түрткі болдым. Ұстаздарға үлкен сенім арту керек, олардың академиялық бостандығы толық болуы шарт. Қазақ ұлттық университеті өзге оқу орындарына үлгі болуы керек. Университетті дамыту жоба-жоспарымен таныстым. Сіздерді өте үлкен жұмыстар күтіп тұр екен.

Университет ұстаздарының жалақысын көтеру керек деген мәселені де мінберден мен көтердім. Сол қазір бірте-бірте іске асып келеді.

Реті келгенде айта кетейін, қазақ тарихында ұялатын ештеңе жоқ. Біздің тарих – мыңжылдықтар тарихы. Тамыры терең тарихы бар елдің, халықтың ұрпағымыз. Құдайдың бізге берген мәңгілік құндылығы – ел мен жер. Шетелдің құндылықтарына ере беруге болмайды. Өзіміздің ата дәстүрімізді, салт-санамызды, болмыс-бітімімізді дәріптейік, жастарды осыған үндейік.

Қазақстанда ғылым саласы дамып келеді. 2010 жылы министр болып тұрғанда ғылыми өлшем ілімі (наукометрия) дегенді енгізгенбіз. Сол тұста әлемдік журналдарға қазақстандық ғалымдардың 300 мақаласы басылған екен, қазір көрсеткіш 33 мыңға жетіпті. Өкінішке қарай, наукометрияны басшылар ең басты көрсеткіш етіп алды. Ғылыми өлшем ілімі соның бір көрсеткіші ғана болуы керек еді, шетелдік басылымдарға ғылыми мақала шығаруды ту етіп алдық. Тіпті ол талап етіледі. Мақала шығару үшін әлгі шетелдік журналдарға 1000-3000 доллар төлеу деген не масқара?! Сонда біз сырт елге инвестиция құйып отырмыз ғой. Бұған бәріміз жабылып тоқтау салуымыз керек. Осы мәселеге орай, қазір Сенат заң қарастырып жатыр, екі-үш айдың ішінде Мәжіліс талқысына түсуі мүмкін. Бұйырса, ғылымды қаржыландыру алдағы уақытта 1 пайызға жетеді, бұл дегеніміз – 500 млрд теңге шамасындағы қаржы. Мұны қалай игереміз? Құрметті ұстаздар, сіздер білім алушыларға тақырып беріп, PhD қорғатасыздар, ал олардың 80 пайызы диплом ала алмай жүреді. Міне, жоғары білім саласының осындай түйткілдері бар. Осы мәселелерді шешу жағын қарастырған абзал.

Сөз соңында жастарға «еңбектен қашпаңдар, өз мамандықтарың бойынша жұмыс істесеңдер» деген өсиет айтқым келеді. Жасыратыны жоқ, кейбір жастар «ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүргісі келеді, бірден жақсы өмірді аңсап, банктерге, компанияларға қарай жүгіреді. Өз мамандығың бойынша кемінде бес-алты жыл жұмыс істесеңдер, кейін қайта оралуға мүмкіншілік болмай қалады. Ал өзіңнің таңдаған мамандығың бойынша жұмыс істеп, оның жеңісін көру – үлкен бақыт. Осыны естен шығармаңыздар.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Укрепляются связи университетом Великобритании

В эпоху глобализации разработка управления образованием в соответствии с требованиями международной образовательной политики и рынка труда является одной из неотложных проблем. Сегодня наша цель – внедрение системы образования Казахстана в единое европейское образовательное пространство в соответствии с мировыми стандартами, повышение узнаваемости, конкурентоспособности университетов путем создания совместных учебных программ и реализации дудипломных образовательных программ, а также формирование полиязычной, образованной, конкурентоспособной личности, уверенной в своем будущем, владеющей основами межкультурной коммуникации.

Для реализации этой цели КазНУ им. Аль-Фараби укрепляет связи с ведущими вузами мира. Одним из них является Бирмингемский университет, один из лучших исследовательских университетов Великобритании в 90-х годах по версии QS World Universities Rankings. Взаимодействие с университетом с 2018 года во главе с заведующим кафедрой дипломатического перевода факультета международных отношений к. ф. н., профессором Сейдикеновой А. С.

Повышение компетенций и обогащение личного капитала обучающихся путем привлечения зарубежных ученых в учебный процесс – главный принцип каждого университета. На кафедра

дипломатического перевода с 2020 года работает профессор Бирмингемского университета Берни Себт. Выпускник Оксфордского университета. Он является директором Департамента интернационализации, имеет на базе Scopus 14 публикаций, в том числе две книги, более 100 публикаций, исследовательских проектов, научный руководитель 15 докторантов. В настоящее время пользуется популярностью как активный исследователь.

Профессор Берни Себт преподает магистрантам специальности «перевод в области международных отношений и права» и студентам специальности «международные отношения» по теме – «Профессиональный иностран-



ный язык». На каждой из проведенных лекций и практических занятий студенты и магистранты с интересом принимали участие, делились мнениями, свободно общались с представителями языка, осваивали опыт лучших учебных заведений.

– Для меня большая честь работать в университете имени аль-Фараби, самом большом и известном университете Казахстана в Центральной Азии. Уровень студентов и магистрантов здесь очень высок. В ходе заня-

тие мы развиваем разносторонние знания, обсуждаем различные темы. Я и сам получил здесь большой опыт, не случайно Казахский национальный университет имени аль-Фараби находится в высоком рейтинге. Я вообще люблю Казахстан. Ранее мы проводили исследования в Астане, Кызылорде, Туркестане, Байконуре. Нет слов о красоте Алматы. Мне очень понравился город, когда увидел фотографию университета, расположенного на подножии гор. Здесь люди очень

гостеприимные и вежливые. В настоящее время в департаменте «Современные языки» нашего университета ведет свою научно-исследовательскую работу профессор Алмаш Сейдикенова, заведующая кафедрой дипломатического перевода факультета международных отношений КазНУ. Она также участвовала во всех мероприятиях департамента, выступала с докладами в воркшопах, поддерживала тесные связи с коллегами. Мы уже 4 года сотрудничаем по электронной почте Skype, Zoom, Whats app, что способствует подписанию меморандума о взаимном сотрудничестве между двумя университетами. В целях реализации академической мобильности студентов и изучения русского языка планируем организовать программу «Летняя школа». Тогда студенты Бирмингемского университета могут посетить университет Аль-Фараби. Уверен, что обмен студентами еще больше укрепят связи между двумя университетами, – говорит профессор Берни Себт.

Таким образом, приглашая профессоров ведущих вузов мира на лекции, мы можем получить новый опыт, повысить популярность и авторитет университета, расширить горизонт студентов, получить новые знания, обогатить их духовный, человеческий и культурный капитал. Надеемся, что налаживание взаимовыгодных отношений выведет контакты между двумя вузами на новый уровень.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Модернизация избирательного процесса

11 октября состоялась международная научно-практическая конференция «Модернизация избирательного процесса в Республике Казахстан: практика, проблемы, перспективы развития». Данная конференция посвящена обсуждению выборного законодательства и модернизации избирательного процесса. Организатор конференции – кафедра теории истории государства и права, конституционного и административного права.

Открывая конференцию д.ю.н., профессор Кенжалиев З.Ж. отметил важность выборов для развития демократического общества. Профессор Нурпеисов Е.К. раскрыл этапы развития выборного законодательства. Председатель избирательной комиссии г. Алматы Ж.Б. Асанова отметила, что сегодня перестраивается вся система проведения выборов в связи с переходом на смешанную избирательную систему. поэтапно вводится выборность акимов районов и городов областного значения. Декан юридического факультета д.ю.н., профессор Байдельдинов Д.Л. отметил необходимость взаимодействия юридической науки и правовой практики. Именно поэтому на конференции принимают участие и ученые, и практики. д.ю.н., профессор Мухамеджанов Э.Б. предложил пересмотреть некоторые цензы для выдвижения кандидатов в президенты. Профессор Дуйсенов обратил внимание на изменение количества депутатов Сената и Мажилиса Парламента РК. Профессор Алимбеков М.Т. обращаясь к формированию корпуса судей, предложил ввести выборы судей. Тем самым будет



обеспечена независимость судей в полной мере.

Профессор Баймаханова Д.М. подчеркнула значимость новой нормы, регулирующей порядок отзыва депутатов по одномандатным территориальным избирательным округам.

В обсуждении темы конференции приняли активное участие представители гражданского общества. Это член Общественного совета г. Алматы Кисиков Б.С., известный общественный деятель, предприниматель Стамбеков Е.Д. Активное участие в конференции приняли зарубежные ученые. Выступили д.ю.н., про-

фессор Ташкентского государственного юридического университета А.З. Мухамеджанов. Также выступила д.ю.н., профессор Каракалпакского государственного университета им. Бердаха Е.Д. Кутыбаева (г. Нукус). В выступлении д.ю.н., профессора, заслуженного работника образования, зав. кафедрой гражданского

права и процесса КРСУ им. Б.Н. Ельцина (г. Бишкек) Ниязовой А.Н. были раскрыты специальные меры в избирательном законодательстве для обеспечения инклюзии в Кыргызской Республике.

Подводя итоги конференции д.ю.н., профессора Ибраева А.С. подчеркнула, что изменения и дополнения, которые вносятся в законодательство о выборах имеют целью дальнейшее активизацию демократических процессов.

Алуа ИБРАЕВА,

д.ю.н., профессор, зав. каф.

Дина БАЙМАХАНОВА,

д.ю.н., профессор

Когда нас информировали о мероприятии компании LG Electronics, я ожидал очередную скучную и ничем непривлекательную выставку, где нам, грубо говоря, будут засорять мозг ненужной информацией и тратить наше время. Как староста группы русского отделения «Кино&Медиа», я должен был посетить мероприятие. Мероприятие провели в актовом зале библиотеки Казахского национального университета имени аль-Фараби. Сказать честно, атмосфера вызвала у меня чувство ностальгии, что заставило меня и мою группу остаться. Мне вспомнились школьные будни...

Дышите легче вместе с LG



Говоря о презентации LG PuriCare, скажу честно, она меня удивила и порадовала! LG PuriCare – это инновационный гаджет носимой маски с функцией чистки воздуха. Уверенно могу сказать, я недооценил них. Во всяком случае, мероприятие провели очень ярко, интригующе, интересно. Специально для нас Наталья Новикова и, как я понял, её команда взяли интервью у телеканала Атамекен Бизнес и Назым Гадильбек – главная радиоведущая Казахстана. Кстати говоря, визит Назым меня приятно удивил. Она внезапно вышла на сцену с позитивным настроением, я видел улыбки многих. Это, наверное, моя любимая часть мероприятия, поскольку я и сам недавно начал работать над голосом и своими ораторскими и дикторскими навыками. Я был первым, кто решился задать ей пару вопросов.

В середине мероприятия провели конкурс на самый лучший слоган для новой продукции LG. Победитель должен был получить этот же новейший продукт. К концу ивента должны были озвучить имя победителя. Вот чего я действительно не ожидал, так это моя победа в этом конкурсе. Да! Я являюсь победителем конкурса слогана от LG Electronics, чему я очень-очень рад!

Я очень благодарен КазНУ им. Аль-Фараби за такие возможности. Университет делает всё, дабы мы получали шансы познакомиться с невероятными людьми. Выражаю огромную благодарность Казахскому Национальному Университету имени Аль-Фараби и LG Electronics!

Ален СЕИТОВ,

студент 1 курса

образовательной программы «Кино&Медиа» факультета журналистики

Студенттік спорт дамып келеді

Университет өмірінде өзіндік орны бар медицина және денсаулық сақтау факультеті құрамындағы Дене шынықтыру және спорт кафедрасының ұжымы спорт саласы мамандарын даярлау бағытында белсенді жұмыс атқаруда. Бүгінде кафедрада спорт түрлері бойынша жоғары деңгейдегі кәсіби спортшы-студенттер білім алып жатыр. Олардың қатарында екі студент Қазақстанға еңбегі сіңген спорт шебері, 19 халықаралық деңгейдегі спорт шебері, 75 спорт шебері, 79 спорт шеберіне үміткер білім алушылар бар. Сондай-ақ елу шетелдік студент білім алуда. Шетел студенттерінің контингенті негізінен Түрікменстан, Өзбекстан, Қытай елдерінен құралған. Олар да кафедраның спорттық, әлеуметтік және мәдени өміріне белсенді атсалысуда.

минтон, шағын футбол, шахмат, үстел теннисі, семсерлесу, жағажай волейболы, садақ ату, спорттық бағдарлау, самбо, қазақ күресі, армрестлинг, джиу-джитсу.

Емдік денешынықтыру кабинетінде мүмкіндігі шектеулі студенттердің денешынықтыру және спортпен шұғылдануларына жағдай жасалған. ҚазҰУ-дың студенттік құрама командалары ЖОО-лар арасында өткізілетін универсиада ойындарында соңғы жылдары қатарынан сегіз дүркін жеңімпаз болуы үлкен еңбектің жемісі.

Университет студенттері мен түлектері спорттық жарыстарда мемлекетіміздің жетістігіне өз үлестерін қосып келеді. Атап айтар болсақ, олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлері: Ермахан Ыбырайымов (бокстан Сидней-2000 олимпиадасының чемпионы), Дмитрий Баландин (суда жүзу, Рио-2016 олимпиадасының чемпионы), Елдос Сметов (дзюдо, Рио-2016 олимпиадасының күміс жүлдегері, Токио-2020 олимпиадасының қола жүлдегері), Игорь Сон (ауыр атлетика, Токио-2020 олимпиадасының қола жүлдегері), Эльмира Сыздықова (әйелдер күресі, Рио-2016 олимпиадасының қола жүлдегері), Жұмағали Нұрдәулет (суда жүзу, Токио-2020 паралимпиада ойындарының қола жүлдегері) т.б. әлемдік аренада ел мерейін үстем етті.

Сонымен қатар биылғы жетістіктерге тоқталсақ, күні кеше ғана дзюдодан Ташкентте өткен әлем чемпионатында «Дене шы-

нықтыру және спорт» мамандығының түлегі Әбиба Әбужақынова әйелдер арасында 48 келіде, ал Елдос Сметов ерлер арасында 60 келіде қола жүлдегер атанды. «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенті Біләл Болат биыл ақпанда Варшава (Польша) дзюдодан ашық Еуропа кубогы кезінде 66 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанды. Медицина және денсаулық сақтау факультетінің 1-курс студенті Ғалым Нұрымов 2022 жылдың наурыз айында Ташкентте (Өзбекстан) семсерлесуден жасөспірімдер мен кадеттер арасында Азия чемпионатында 3-орын иеленді. Кувейтте оқ ату бойынша ең үлкен халықаралық турнирде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс магистранты Константин Малиновский жеңімпаз атанды. Бұдан бөлек, республикалық, халықаралық бәйгелерде қанжығасы майланып келген студенттеріміз қаншама. Дене шынықтыру және спорт кафедрасының тыңғылықты жұмыс істей бастауы студенттік спорттың дамуына тың серпіліс әкелді. Бұл өз кезегінде студенттер мен түлектеріміздің халықаралық жарыстарда топ жарып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік туғызды. Талай халықаралық жарыстарда еліміздің көк байрағы желбіреп, әнұраны шырқалды.

Әлмира ЫСҚАҚОВА,
доцент м.а.,
Дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі

Нұрдәулет Жұмағали медицина және денсаулық сақтау факультетінің 3-курс студенті. Токио-2020 паралимпиада ойындарының 100 метрге брасс әдісімен жүзуде қола медаль иегері. Биыл Португалияның Фуншал қаласында өткен паражүзуден әлем чемпионатында брасс әдісімен жүзуден күміс жүлдеге ие болды. Университет мақтанышы бүгінгі мен алдағы жоспары хақында сыр шертті.

Нұрдәулет ЖҰМАҒАЛИ:

Мақсатым - үлкен белестерді бағындыру



– Алдағы жоспарым – келер жылғы әлем чемпионаты мен биылғы Азия ойындарына қызуқанды дайындалу. Осы екі жарыстан, бұйыртыса, алтын алып, көк туымызды желбіретсем деген үміт бар. Жақында әлем кубогы жарыстары басталады. Мексикада өтетін жарыста бақ сынамақпын. Соған қарай жаттығу жасап, күндіз-түні дайындалып жатырмыз. Көп жаттығу көп уақытты қажет етеді. Әрине, уақытты бағындыра алмаймыз, алайда тиімді пайдалануға болады. Ал оның төте жолы – өзіңе ұнайтын іспен айналысу. Сол арқылы жеңіс тұғырынан көрінетіні анық. Әрине, жаттығу мен еңбексіз ешбір істің өнбесі мәлім. Алға қойған мақсатқа жету үшін жоспар болу керек. Ақын Мұхтар Шаханов ағамыз айтқандай, «Үлкен болып қалу үшін ғаламда, үлкен арман керек екен адамға». Үлкен арманға жету үшін бір күн, бір ай, бір жыл да азық етеді. Оған қайтпас қайсарлық пен темірдей тәртіп керек. Спортта осы көрсеткішке жету үшін қаншама жылдық тер төгілді. Осы межеге жету үшін спортшылар бала күнімізден дайындаламыз. Жаттықтырушымыз қай бағытқа біздің икеміміз келіп тұрса, сол бағытқа қарай шынықтырады. Мұндайда жаттықтырушының атқаратын рөлі аса зор, – дейді спорт шебері.

Нұрдәулет бізбен әңгімесінде жүзу спортының пайдасына тоқталды. Оның айтуынша, жүзу спортында адам денесінің 90 пайыз бұлшық еттері жұмыс істейді екен. Жаттығу залында темір-терсек көтеру арқылы адам денесіндегі үлкен бұлшық еттер қозғалса, ал жүзуде ең кішкентай бұлшық еттер шынығады. Салмақ тастағысы келген, әсіресе бел ауруларына тап болған жандарға өте пайдалы.

– Менің брасс әдісімен жү-

зуде өнер көрсетіп жүргеніме он бір жылдан аса уақыт болды. Осы уақытта біраз тәжірибе жинадым. Бір нәрсені қайталай берсең, ол профессионалдық дәрежеге ауысады. Басқа да спортшыларға қарап үйренесің, сараптайсың. Спорттағы білімді тәжірибеде қолдана білген жөн. Сол үшін де әрбір жасаған қадамымыздың қорытындысы болу керек деп есептеймін. Осы еңбектің өтеуі жеңіс пен халықтың ықыласы деп білем. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп екі-ақ ауыз сөзбен Абай атам мен айтпақ болған ойды түсіндіріп тұр, – деді спортшы.

Паралимпиадасы Алматы қаласындағы «Шаңырақ» шағынауданында спорт интернат-ын тамамдаған. Ол бала кезден бергі арман-мұраты, спортқа деген қызығушылығы ҚазҰУ-ға қарай жетелегенін жасырмады.

– Біздің бойымызда көрінбей жатқан түрлі қабілеттеріміз бен жаңа қырларымыздың ашылып, жетістіктерге жетуіміздің бірден-бір себебі де осы – ҚазҰУ-дан алған тәжірибе. Бар ықылас-пейілімімен қолдап-қолпаштаған жаттықтырушыларыма, университет ұжымына ризашылығымды білдіремін. Біз оқып жатқан оқу ордасында студенттердің жан-жақты дамуы мен қарым-қабілеттерінің ашыла түсуі үшін барлық жағдай жасалған. Сан түрлі дәрежедегі жарыстарға спорттың түр-түрінен республикалық, халықаралық деңгейде студенттерді дайындап жатыр. Алдағы уақытта Париж – 2024 олимпиадасына да білек сыбана қатысып, елім мен университетімнің атақ-абыройын асқақтатсам деген мақсатым бар, – деп сөзін қорытындылады Нұрдәулет Жұмағали.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ



Түлектеріміз кәсіби тұрғыдағы педагогтер, спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар және нұсқаушылар болып әртүрлі жеке-меншік және мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейді. Кафедрадағы оқу үдерісі профессор-оқытушылардың жұмыс бағдарламасы мен типтік бағдарламаға сай ұйымдастырылған. Оқытушылар жаңа талаптарға сәйкес, өздерінің жұмыс бағдарламаларын үнемі жаңғыртып отырады. Бакалаврлар мен магистранттардың ғылыми жұмыстарда белсенділік танытуы PhD докторантураға түсу үшін алғышарт. Магистранттар өздерінің теориялық білімдерін тереңдетіп, зерттеушілік потенциалын кеңейте алады. Студенттік алмасу және академиялық мобильділік бағдарламаларының аясында кафедра студенттері мен магистранттары, докторанттары шетелдік университеттерге (Испания, Литва, Ресей, АҚШ) тағылымдамаға жіберіледі. Сонымен қатар кафедра оқытушылары ERASMUS+ бағдарламасы бойынша «Мүмкіндігі шектеулі жандарға қызметтерді дамыту» атты жобаға қатысуда. Бүгінде Түркия, Ресей, Литва, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатқан.

Университет факультеттерінің 1-2 курс студенттеріне міндетті пән ретінде денешынықтыру сабақтары өткізіліп, клубтық-спорттық секциялары 25 спорт түрі бойынша жұмыс атқарады. Олар: баскетбол, волейбол, еркін күрес, грек-рим күресі, дзюдо, тоғызқұмалақ, жүзу, бокс, бад-

Әбиба - әлем чемпионатының жеңімпазы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті Әбиба Әбужақынова дзюдодан 2022 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.



Әбиба – Жоғары спорт шеберлігі мектебінің тәрбиеленушісі, сонымен қатар Еуропа кубогының күміс жүлдегері, Азия чемпионатының екі мәрте күміс жүлдегері, Азия кубогының иегері.

Ол 2018 жылы Бакуде өткен универсиадада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ намысын қорғап, дзюдодан күміс медаль жеңіп алған болатын.

Бүгінгі таңда Әбиба Әбужақынова ҚазҰУ-дың заң факультетінде «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алуда. Ол – дзюдодан әлем чемпионатының жүлдегері атанған алғашқы қазақ қызы.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Ташкент қаласында өткен жарыста ҚазҰУ студенті 48 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Франция, Бразилия және Чили спортшыларынан басым түсті. Ширек финалда спортшы қыз Сербиядан келген Милиса Николичті, қола жүлде үшін бәсекеде чилилік Мари Ди Варгас Лейменмен татамиге шығып, жеңіске жетті.

Дарынды спортшы 2020 жылы ҚР чемпионатының қола жүлдегері, ал 2021 жылы ел чемпионы атағын иеленді.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында профессор Жанғара Дәдебаевтың жетекшілігімен 2020 жылдан бастап гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағыты бойынша «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» атты ғылыми жоба орындалуда.

Өмірлік қағидаға айналар кодекс

Осындай зерттеулердің бір нәтижесі – Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалып, ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінде бекітілген «Абайдың кісілік кодексі».

«Абайдың кісілік кодексін» бар қазақ қоғамына, оның әр мүшесіне, қатардағы қарапайым азаматтан лауазымды тұлғаға дейін қажет болатын өмірлік ережелер ретінде қабылдаған жөн.

Кодекс Абайдай кемеңгер тұлғаның өз халқын адамшылық пен ізгілік жолынан айнымауға шақырып, әр қазақтың бойына кісіліктің, адамшылықтың қағидаларын сіңіруді мақсат еткен мәні терең, ұлағаты зор ой-тұжырымдарынан іріктеліп дайындалған. «Абайдың кісілік кодексін» ойшыл данышпанның кісілікке жетудің нақты жолдарын нұсқайтын 18 сөзі енген. «Құдайдан қорық, пендеден ұял» деп басталатын кодекстің әр тармағы қарапайым ғана адами қасиеттерді, әділет пен адалдықты насихаттап, тыңдаған жанның ой-санасын қозғайды. Абай Құнанбайұлының даналық сөздерінен, өлең жолдарынан таңдалып алынған тұжырымды да тағылымды қағидалардың әрқайсысы қазіргі таңда да маңызды әрі өзекті болып отыр.



«Абайдың кісілік кодексіндегі» әр қағида әрбір қазақ баласының, әр саналы кісінің ой жүйесінде орнығып, көңіліне беки түссе және оны әр қазақ күнделікті тіршілігінде ұстанса, біздің қоғамымыздың ой-өрісі мен деңгейі арта түсетіні даусыз. Қазақ қоғамының ұлттық құндылықтарға негізделген рухани әлеуетін өсіру үшін кісілік қағидаларына негізделген бұл тұжырымдардың ролі зор және осы бір тағылымды, түйінді ойлардың жалпыхалықтық сипат алып, қоғам мүшелерінің санасына орныға беруі аса қажет деп санаймыз.

Ләйла МҰСАЛЫ,
Абай ҒЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері

Түркітанушылар Ташкентте бас қосты

Ташкент қаласында Алтай қауымдастығы академиясының «Алтай тобы тілдеріндегі тағам атаулары» атты X халықаралық Алтай симпозиумы өтті. Алтаистика мен түркітану ғылымының дамуына әлемдік деңгейде үлес қосып келе жатқан бұл ғылыми басқосуға 62 елден ғалымдар қатысты. Соған сәйкес, ғылыми баяндамалардың да тақырып ауқымы кең болды. Түркі халықтарының тағам атауларының қазіргі қолданысы, уәждемесі, этимологиясы, тарихы, тағам жасау, қолдану, беру мәдениеті туралы айтылған ғылыми баяндамалардан ұққанымыз – түркітілдес халықтардың тағам атауларының ортақтығы, тағамдарының біртектілігі.

Тілдік қолданыстың белсенді көрінісінің бірі – дүкендердегі ас-ауқат атауларының ауызша және жазбаша сипаты екеніне де көңіл аударылды.

Тамақ өнеркәсібі – адамзат пен ұлттық мәдениеттің ажырамас бір бөлігі. Ол әр ұлттың тіршілігімен, дәстүрімен тығыз байланысты. Жылдар бойы қалыптасқан тарихи ерекшеліктерге сай, ұлттық тағамдар да, тамақтану мәдениеттері де сан түрлі. Бір тағамның бірнеше жасалу жолының болуы, басқа аспен үйлесімділік деңгейі, дастарханға ұсынылуы – осының бәрін зерттеудің өзі нағыз өнер. Әлемдік тіл білімінде тағам атаулары күнделікті қарым-қатынаста ең белсенді қолданыстағы атаулар, сондықтан да тағам атауларының этномәдениеттік, этнолингвистикалық маңызы ерекше.

Симпозиумда қазақ тіліндегі тағам атаулары түркілік қабаттан бөлек, моңғол, араб, қытай тілдерінен енгені, тағамдардың алуан түрлі болуы Қазақстанның орналасу аймағына да байланысты екені туралы айтылды. Тілдік қолданыстың белсенді көрінісінің бірі – дүкендердегі ас-ауқат атауларының ауызша және жазбаша сипаты. Күнделікті тұтынатын тауарлар атауының мемлекеттік тілде дұрыс жазылуының мәні

тәсілдері халық арасында жыл мезгілдеріне байланысты орын алады. Етті балғын күйінде сақтау үшін қарынға немесе терісіне орап қатырған. Қыста етті қатырса, жазда етті кептірген. Етті түтінмен ыстау, қақтау оның бұзылмай сақталуына пайдасын тигізген. Қазақ тілінің лексикалық қабатында ет пен сүтке қатысты атаулардың орны бөлек екені туралы қазақстандық ғалымдар баяндамаларында айтылды.



ерекше. Қазақстанның ірі қалаларындағы тамақтану орындарын салыстыра зерттегенде кафе мен мейрамханалардың ас мәзірі орыс тілінде жазылғаны байқалады.

Қазақтың басты шаруашылығы мал шаруашылығы болғандықтан, еттен, сүттен жасалатын тағам атауларының молдығымен ерекшеленеді. Қазақ үшін еттен үлкен ас жоқ, қысы-жазы етсіз отырмаған бабаларымыздың тағам дайындау технологиясының өзі тазалық пен тәрбиеге үйретеді. Қазіргідей тоңазытқыш жоқ кездің өзінде соғым етін бұзбай сақтаудың да жолдарын білген. Қазақтардың ет сақтау тәсілі әртүрлі. Ет сақтау тәсілдерін мынадай түрлерге бөледі: аязға сақтау, етті бүрмелеу, қарынға тығып қақтау, етті үгітіп сақтау, етті сүрлеу, етті қақтау. Қатыру, кептіру, сүрлеу, ыстау сияқты ет сақтау



Симпозиумның ерекшелігі – ғылыми жиын әр жылы түркі мемлекетінің бірінде өтуі тиіс. Бұған дейін Алтай қауымдастығы академиясының ғылыми жиындары Анкара, Ыстамбұл, Ұлан-Батыр, Бішкек, Бурса т.б. қалаларда өткен еді. Биыл симпозиум өткізу үшін үш университет өтініш білдірді: Будапешт университеті, Ұлан-Батыр университеті және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Симпозиум ақылдастар алқасының шешімімен 2023 жылғы Алтай қауымдастығы академиясының XI халықаралық Алтай симпозиумы Қазақстанның Алматы қаласында, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде маусым айында өтеді деп белгіленді.

Анар САЛҚЫНБАЙ,
Ф.ғ.д., профессор
Раушан АВАКОВА,
Ф.ғ.д., профессор

Отбасы мүшелері бір шаңырақ астында өмір сүріп қана қоймай, бақ пен шаттықты әрі сынақты бірге бөлісетіні белгілі. Осы орайда, биология және биотехнология факультетінің студенттерімен отбасы құндылықтарын талқылау арқылы қоғамдағы проблемалардың алдын алу жайлы ой тарқаттық.

Іс-шара барысында отбасы тәрбиесі мәселелерінің өзектілігі; әр адамның тұлға болып қалыптасуында отбасы рөлінің маңыздылығы; патриоттық көзқарасын дамыту; ұрпақтың адами тәрбиесінің тәжірибесін қалыптастыру; өз отбасының тарихын білу; сұранысты дамыту; балаларды моральдық тұрғыдан дамыту; адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі қалыптастыру; өзінің іс-әрекетіне анализ жасау; өзін-өзі тәрбиелеу; патриоттық және азаматтық тәрбиені дамыту жайлы тақырыптар кең қамтылды. Іс-шараға факультет деканы Заядан Болатхан қатысып, өз пікірін білдіріп, студенттерге жаңа оқу жылында сәттілік тіледі.

Отбасы жайлы ата-балаларымыз айтқан «Ыдыс аяқ сылдырламай тұрмайды» деген сөз рас. Түсініспеушіліктер себебімен қаншама жанұя отбасылық керуенді сүйрей алмай, жарты жолдан екіге айырылып жатқаны өкініш-

ті. Соның нәтижесінде елімізде жетім балалар саны да көбеюде. Жетім балалар мен жалғызбасты әйелдерді азайту үшін отбасылық құндылықтардың ролі өте маңызды. Отбасының беріктігі, шаңырақтың биіктігі, керегеміздің кең, балаларымыздың бақытты ғұмыр кешуі отбасы құндылықтарына тікелей байланысты.

Отбасы құндылықтарына ұлттық бала тәрбиесі, ата-анаға құрмет, ата-ананың балаға деген мейірім-махаббаты, сыйластық, әдептілік пен сыпайылық қасиеттері жатады. Ең алдымен отбасы мүшелерінің тәрбиесі ата-ананың міндеті болып табылады. Ата-ана тәрбиесі дұрыс әрі нақты болса, құрылған шаңырақ та биік және берік болмақ. Жаңадан құрылған жас отбасылар ең бірінші ата дәстүрімізді сақтап, салтымызды түгел білгені абзал. Себебі салт-дәстүрімізде ата-ананы сыйлау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету басты негізге алынған.



Осындай тәрбиенің қайнар көзі – ата-әжелеріміз, яғни қазыналы қарттарымыз. Ақсақал мен кейуана – ақылдың көзі, шаңырақ

берекесі, отбасы тыныштығын бір қалыпта ұстап отыратын ұйытқының бастауы.

«Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ма-

қалға сүйенсек, ата-әжесін ата-анасы қалай құрметтеп, қалай бағып-қақса, сол ата-ананың балалары да өз ата-анасына солайша

қарым-қатынас жасайды. Отбасылық құндылықтарды білмейтін және білгісі келмейтін қоғам мүшелерінің бар екенін жасыра алмаймыз.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырамыз.

«Өз үйім – өлең төсегім» деп қазақ даналығында айтылғандай, отбасы әрқашан жанға жайлы болады. Сол себепті әр адам өз отбасын сыйлап, құрметтей білуі шарт. Қазіргі кезде көп жастар шетелдерде оқып, сол жақта біржолата қалып қойғаны қынжылтады. Отбасын қалай қадірлесек, дәл солай Отанды да қастер тұту – парызымыз.

Нағима СЕЙДАЛИЕВА,
Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының оқытушысы

Гаухар БАҚТИЯРОВА,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы

Слово об учителе: ученом и педагоге

Учитель прикасается к вечности: никто не может сказать, где кончается его влияние

(Генри Адамс)

В этом году исполняется 85 лет со дня рождения видного советского и казахстанского ученого, доктора биологических наук, профессора, академика НАН РК Рахимбаева Избасара Рахимбаевича.

Академик И.Р. Рахимбаев является основоположником биотехнологии растений в Казахстане, внесшим крупный вклад в развитие науки и образования в данной области. Избасар Рахимбаевич в течение многих лет возглавлял кафедру физиологии и биохимии растений КазГУ (ныне, кафедра биотехнологии КазНУ имени Аль-Фараби). Является организатором и первым директором Института биологии и биотехнологии растений МОН РК. В настоящее время он работает главным научным сотрудником данного Института.

Основные направления научной деятельности: клеточная физиология, биотехнологии генетического улучшения растений. Результаты его исследований *in vitro* биологии позволили выявить цитофизиологические механизмы пролиферации, дифференцировки, морфогенеза и регенерации в культуре соматических и половых клеток. Им и его учениками разработаны высокоэффективные биотехнологии клонирования редких и исчезающих видов растений, методы получения гаплоидных организмов, клеточной селекции, клеточной инженерии, сохранения генофонда растений при сверхнизких температурах (-196°C). Практической реализацией его теоретических и прикладных разработок является создание новых высокопродуктивных сортов пшеницы и риса методами биотехнологии.

Избасаром Рахимбаевичем создана научная школа по биотехнологии растений — подготовлено 7 докторов и 30 кандидатов наук, которые трудятся в НИИ и ВУЗах Казахстана и зарубежных стран (Индия, Израиль, Россия, Киргизия, Таджикистан). Совместно с учениками опубликовано более 400 научных статей, 8 научных монографий, 9 учебных пособий, 21 учебный и учебно-методических пособий; создано 4 сорта пшеницы, 2 сорта риса. С 1981 г. по 1989 г. под руководством И.Р. Рахимбаева на ка-

федре биотехнологии, биохимии и физиологии растений КазГУ активно развивались биотехнологические исследования. Одновременно, впервые в Союзе, была разработана методика преподавания спецкурса «Культура клеток и биотехнология растений» и начато его преподавание с 1982 года; были изданы учебники «Биотехнология растений», «Өсімдіктер биотехнологиясы» (Валиханова Г.Ж., 1996, 2001, 2009; под ред. И.Р. Рахимбаева), которые до сих пор востребованы и переизданы в 2018 и 2019 годах. Под руководством И.Р. Рахимбаева на кафедре защищено 11 кандидатских диссертаций.

Благодаря созданной им научной школе и подготовленным на кафедре физиологии и биохимии специалистами по биотехнологии растений в 2004 году впервые в Казахстане в КазНУ им. Аль-Фараби появилась возможность открыть специальность «Биотехнология». С тех пор ежегодно на кафедре обучаются и выпускаются молодые специалисты-биотехнологи.

Где бы ни трудился И.Р. Рахимбаев — на кафедре университета или в НИИ, первостепенное внимание он уделяет развитию фундаментальных исследований, хорошо понимая, что только фундаментальная наука может служить единственным источником новых прикладных знаний и «истинных» инноваций. Еще одной важной особенностью стиля его работы как руководителя является то, что, будучи человеком глубоко интеллигентным, он и в коллективе создает атмосферу академичности, высокого научного духа и этики, культуры в общении, а также дает свободу в творческом поиске. Независимо от возраста, очень уважительно, по-доброму и мягко относится к коллегам, и что особенно важно, к своим ученикам. Все это, конечно, не может не вдохновлять и стимулирует аспирантов и студентов к активной учебе и упорному труду. В коллективе всегда царит спокойная, но деловая обстановка, способствующая творческому процессу.

И.Р. Рахимбаев уделял большое внимание повышению квалификации аспирантов и сотрудников кафедры: проводились школы для молодых ученых, на которых приглашенные им ведущие ученые читали лекции и проводили мастер-классы. Особенно ярким и запоминающимся для нас, аспирантов, оказался курс лекций член.-корр. РАН, профессора Батыгиной Татьяны Борисовны - крупного эмбриолога растений с мировым именем. Этот курс она проводила вместе со своим учеником Шамровым Иваном Ивановичем, который обучал нас в лаборатории прак-



тическим методам цитологии и гистологии растений. Кроме того, нам, аспирантам и сотрудникам кафедры предоставлялись широкие возможности для прохождения научных стажировок в ведущих научных центрах и участия в Международных конференциях: по Биологии культивируемых клеток (Кишинев, 1984; Новосибирск, 1988 гг., Алматы, 1990;), организованных ИФР под руководством член.-корр. РАН Раисы Георгиевны Бутенко; по Эмбриологии растений (1990 г.), организованной Ботаническим институтом имени Комарова (БИН, Санкт-Петербург).

Академик И.Р. Рахимбаев пользуется заслуженным авторитетом в среде биологов Казахстана и СНГ. К нему часто обращаются ученые нашей страны и соседних республик с предложением к сотрудничеству, с просьбой о помощи или консультации. У коллег и учеников вызывают уважение его общий кругозор и широкая эрудиция в различных областях знаний. Так, молекулярный биолог из США, крупный ученый, профессор Амитава Митра, объездивший немало стран, после общения с Избасаром Рахимбаевичем с удивлением отметил: «Я знаю многих ученых по всему миру, но я впервые вижу ученого-биолога - интеллектуала, который хорошо знает не только историю своего народа, но историю соседних государств; и удивительно, что он знаком с древней историей моего (индийского) народа!» (2014 г.). Он был искренне рад знакомству с нашим учителем.

От имени учеников и коллег сердечно поздравляем глубокоуважаемого Избасара Рахимбаевича с наступающим юбилеем! Выражаем свое глубокое почтение как к мудрому наставнику и истинному ученому, внесшему неоценимый вклад в развитие биотехнологии растений в Казахстане; благодарим за вовлечение в очень увлекательное и перспективное направление в науке; за «трудные» задачи, которые заставляли думать и развиваться; за одобрение инициатив и доверие. Желаем нашему дорогому учителю крепкого здоровья, бодрости духа и дальнейших творческих успехов! Мы благодарны судьбе и гордимся тем, что судьба нас свела с такой незаурядной личностью как наш учитель!

Назира БИШИМБАЕВА,
д.б.н., и.о. доцента
кафедры биотехнологии

Светлана ТУРАШЕВА,
к.б.н., доцент кафедры
биотехнологии

Быть преподавателем и обучать студентов это может быть для кого-то лишь определенной жизненной целью, а для кого-то целой жизнью. Каждый факультет нашего университета уникален своими специализированными

науками, следовательно, факультет востоковедения уникален для меня не только изучаемыми дисциплинами, но также преподавательским составом. Из за того, что у нас обучаются восточные языки и культура, много приезжих из за рубежа профессоров и преподавателей высокого уровня. Среди преподавателей хочу отметить нашего профессора, доктора политических наук Мен Дмитрий Вольбоновича.



Личность достойная уважения

Дмитрий Вольбонович специалист в области политологии и истории Кореи. Он видный уважаемый профессор нашей кафедры Дальнего Востока, является выпускником нашего университета. После окончания учебы проработал во многих учебных заведениях: в Министерстве высшего и среднего специального образования, Алматинском институте народного хозяйства, в Казахском национальном педагогическом университете им. Абая 15 лет и защитил там докторскую диссертацию по специальности политических наук. С 2012 года Дмитрий Вольбонович начал работать в нашем университете на кафедре Дальнего Востока. В настоящее время он читает лекции не только студентам бакалавриата, но и магистрантам и докторантам.

В течение своей преподавательской карьеры он много участвовал в казахстанских и международных научных конференциях. Его научная деятельность касается политической ситуации, проблематики в Южной Кореи и ее отношение с Казахстаном. Его труды внесли большой вклад в науку политологии. Он является автором более 300 публикации по политической системе Корейского полуострова. В прошлом году он удостоился побывать в Северной Кореи в качестве почетного ученого гостя, где смог проанализировать современную ситуацию Северной Кореи с позиции ученого из вне.

На лекциях помимо теоретических моментов по теме он рассказывал истории из своего опыта, что очень познавательно и интересно. Как научный руководитель он давал мне всестороннюю помощь в поиске и сборе материалов по теме диссертации, за что я очень благодарна. Он преподаватель с большой буквой, который умеет обучать и поддерживать студента для достижения новых целей. Многие считают, что преподаватель это тот, кто учит своим знаниям студента и дальше представления о преподавателе заканчивается, но именно работа с Мен Д.В. открыла мне нечто другое в этом понятии. Преподаватель — это не только наставник, который передает знания, а это тот, кто вместе с тобой учится новым знаниям, подключается в процесс обучения всецело, переживает критические моменты в научной деятельности и вместе помогает найти решения этого тупика, и самое главное умеет давать поддержку в трудные моменты, когда кажется, что у тебя ничего не получится. Все эти качества я увидела в своем профессоре Мен Д.В. Могу сказать, что мне повезло быть студентом такого профессора как Он. Хочу выразить огромную благодарность и уважение за переданные знания.

Назерке ХАМИТОВА,
докторант 1 курса
факультета
востоковедения

«Парасат» кәсіподағы кәсіби мерекесін атап өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Кәсіподақ күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Шараға қазақстандық салалық «Парасат» кәсіптік одағының төрағасы Данат Жанатаев, «Парасат» кәсіподағының алғашқы төрайымы Лейла Ахметова, кәсіподақтың бюро төрағалары мен мүшелері қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың құттықтауын ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының басшысы Талғат Мекебаев оқыды.

«Бүгінде ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы басшылық пен ұжым арасындағы алтын көпір қызметін атқаруда. Сіздер кәсіподақ мүшелерінің құқығын қорғап, еңбек қауіпсіздігін сақтауда игі жұмыстарға бастамашы болып отырсыздар. Ұжымдағы әр адамның лайықты көмек пен әлеуметтік кепілдіктер алуын қамтамасыз етуде елеулі еңбек сіңіріп келесіздер. Қайырымдылық қағидаттарына негізделген ізгі дәстүрлеріңіз жүйелі жалғасын таба берсін. Береке мен бірлікке бағытталған кәсіподақ бастамалары нәтижелі болсын!» – делінді хатта.

Сонымен қатар кәсіподақ төрағасы өз сөзінде ЖОО-дағы кәсіподақ қозғалысы бастауына сүбелі үлес қосқандарға, оның ішінде ғалым және қоғам қайраткері Лейла Ахметова мен заң факультетінің профессоры Дәулет Рысқалиевтің еңбегіне ерек-



ше тоқталды. Кәсіподақ мүшелерінің өтініштері бойынша материалдық көмек бөлу жөнінде баяндады.

Шара барысында ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы төрағасының орынбасары Ольга Ложникова Университеттердің еуразиялық кәсіподақ ұйымдары қауымдастығы XXXIV съезінің жұмысы туралы есеп беріп, ұйымның алдағы жоспарларымен бөлісті. Ал кәсіподақ комитетінің заңгері Данияр Рысқалиев кәсіподақтың жаңа мүшелерін тіркеу барысы туралы айтты.

Жиында кәсіподақ белсенділеріне ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының Алғыс хаттары табысталды. Сондай-ақ филология факультетінің кәсіподақ бюросының төрайымы Анар Әшірова, шығыстану факультетінің кәсіподақ мүшесі Айнұр Түргенбай, Ректор аппараты кәсіподақ бюросының төрайымы Райгүл Сұлтан, география және табиғатты пайдалану факультетінің кәсіподақ мүшесі Клара Мақаш, Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институты кәсіподақ бюросының төрайымы Гүлшат Сыдықова, тарих факультетінің доценті Ерке Картабаева және Өндіріс департаментінің кәсіподақ комитетінің мүшесі Рауза Құдайбергенова сынды белсенді қызметкерлер ұйым жұмысына елеулі үлес қосқаны үшін «Құрмет» медалімен марапатталды.

Света ӨМІРФАЛИЕВА



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ
UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Гандидің философиялық ілімі насихатталды

Үндістан ұлттық-азаттық қозғалысының идеологі әрі жетекшілерінің бірі Мохандас Карамчанд Ганди «Зорлық – шын мәнінде ішкі сезім әлсіздігінің белгісі» дей келе, жек көруді махаббатпен, жалғандықты шындықпен, зорлықты шыдамдылықпен жеңу керек деген ұстанымымен кейінгі ұрпаққа үлгі бола білген ерекше тұлға. Махатма Ганди 30 жылдан аса өз философиясын уағыздап, соңында бүкіл әлемге зорлыққа қарсы саясатының тиімді екенін дәлелдеп, 1947 жылы Үндістан бейбіт жолмен Ұлыбританиядан тәуелсіздігін алды.

Махатма Гандидің философиялық ілімінен адам баласының қандай дін, қандай ел, қандай ұлттан болғанына қарамастан, бір-біріне өте ұқсас, қарапайым ғана пенде екенін және олардың қайғысы мен қуанышы, жеңісі мен жеңілісі, өкініші мен жетістігі, кемшілігі мен кемелдігі, жақсылығы мен жамандығы, бары мен жоғы, бір-

бірімен өте ұқсастығы сипатталғанын байқауға болады. Жақсылықтың зұлымдыққа қарсы тұра алатынына түрткі болған тұлға Махатма Гандидің туған күнін үнді халқы ғана емес, дүниежүзі халықтары да мәңгі есте тұтып, жыл сайын 2 қазанда қайсар тұлғаны еске алу мақсатында әлем бойынша «Халықаралық



зорлық-зомбылықсыз күні» ретінде атап өтеді.

Осыған орай, шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының үндітану бөлімі Үндістанның Ал-

матыдағы консулдығының өкілдерімен бірлесе отырып, Алматыдағы Ганди саябағында М.Гандидің туған күніне арналған еске алу шарасын өткізді.

Ганди саябағында аталып өт-

кен шара екі елдің Әнұранын орындаумен басталды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үндітану бөлімінің студенттері М.Гандидің «Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерудің алғашқысы өзің бол» сынды бірнеше нақыл сөздерін оқыды. Шара барысында Үндістанның Алматыдағы өкілдігінің консулы Амит Кумар Мишра мырза сөз алып, қала қонақтары мен бүкіл үнді халқын атаулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Рухани-танымдық диалогті жүзеге асыруды мақсат еткен шара барысында үнді ұлтының біртуар данасы, саяси қайраткер Махатма Гандидің өмірі мен еңбектері туралы құнды ойлар айтылды.

Дарига КӨКЕЕВА,
Таяу Шығыс және
Оңтүстік Азия кафедрасының
меңгерушісі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.